

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕРДІҢ БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН ІСКЕ АСЫРУ САПАСЫНА ҚАНАҒАТТАНУЫ

Университете БББ-ның іске асыру сапасын анықтау мақсатында жыл сайын білім алушылар, университет түлектері және жұмыс берушілер арасында жүйелі түрде кешенді әлеуметтік сауалнама жүргізіледі. 2022-2023 оқу жылында жалпы саны 109 БББ жұмыс берушілермен бағаланды.

Жұмыс берушілердің кадрлық қалауы және білім беру бағдарламаларын іске асыру сапасына қанағаттануын анықтау мақсатында кәсіпорын басшыларына сауалнама жүргізілді. Аталған сауалнамаға түрлі ұйымдардың 125 басшысы тартылды.


Сауалнама барысында:

- Мамандықтың қалыптасу негіздері мен тарихын білу;
- Кәсіби салада заманауи технологияларды меңгеру;
- Кәсіптік саладағы мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес жұмыс дағдыларын меңгеру;
- Кәсіби қызмет дағдыларын меңгеру;
- Кәсіби қызмет теориясы мен практикасының дамуын түсіну қабілеті;
- Ғылыми-зерттеу саласында арнайы құзыреттерді меңгеру;
- Ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерді меңгеру;
- Ана тілі (қазақ / орыс тілі) меңгеруі;
- Шет тілдерін меңгеру;
- Кәсіпкерлік, экономикалық дайындық;
- Кәсіби және этикалық жауапкершілікке қатысты сұрақтар қойылды.

БББ жүзеге асырылуын бағалауға қатысты қойылған әрбір сауалға жұмыс берушілер:

1. Өте жақсы (90-100 балл аралығы)
2. Жақсы (75-89 балл аралығы)
3. Қанағаттанарлық (51-74 балл аралығы)
4. Қанағаттанарлықсыз (50 балл және одан төмен) деген бағаларын берді.

Жұмыс берушілердің қанағаттануы



Сұралған жұмыс берушілердің басым бөлігі БББ жүзеге асырылуын бағалауға қатысты өте жақсы және жақсы деп оңды пікірлерін білдірген. Оның ішінде, сұралғандардың әрбір екіншісі өте жақсы, әрбір үшіншісі жақсы деп оңды пікірлерін білдірген.

Сауалнама барысында анықталған:

- шет тілдерін меңгеру және ғылыми-зерттеу саласында арнайы құзыреттерді меңгеруге қанағаттанбаймыз дейтін 4%, кәсіби салада заманауи технологияларды меңгеру;

- кәсіптік саладағы мемлекеттік стандарттардың талаптарына сәйкес жұмыс дағдыларын меңгеруге, ұйымдастырушылық-басқарушылық құзыреттерді меңгеруге, кәсіпкерлік, экономикалық дайындыққа қанағаттанбаймыз дейтін 3%;

- мамандықтың қалыптасу негіздері мен тарихын білуге, кәсіби қызмет теориясы мен практикасының дамуын түсіну қабілетіне, кәсіби қызмет дағдыларын меңгеруге және кәсіби және этикалық жауапкершілікке қанағаттанбаймыз дейтін 2% жұмыс берушінің пікірін ескеріп тиісті жұмыстар жүргізу қажеттігі ұсынылды.